



● ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ САЛА

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік ЖҰМАНҒАРИН Жетісу облысына жұмыс сапары аясында мал, ауылшаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлермен кездесіп, шаруалардың жұмысымен танысты. Облыстың тыныс-тіршілігін, жеткен жетістіктерін облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ арнайы таныстырды.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Вице-премьер алдымен Көксу ауданындағы «Каримов» тауарлы-сүт фермасына барды. «Ірі жобалар» бағдарламасына қатысушы, кәсіп иесі Рахым Каримов жұмыс ретімен таныстырды. 2018 жылы құрылған серіктестік асыл тұқымды сүтті мал өсірумен айналысады. Баллық ауылындағы тауарлы-сүт фермасында 35 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ра-

хым Смағалиұлының айтуынша, жылына 5500 тонна сүт өндіреді. Ал тәулігіне 18 тонна сүт алуда.

– 2018 жылы «Жетісу» ауылшаруашылық өндірістік кәсіпорнымен бірлесіп «400 басқа арналған тауарлы-сүт ферма құру» инвестициялық жобасын жүзеге асырдық. Жобаның құны 1,3 миллиард теңгені құрады. Болашақта инновациялық технологияларды енгізуді жоспарлап отырмыз. Роботтандырылған сауу жүйесін пайдалану да жоспарда бар, – деді шаруашылық басшысы.

Аталған шаруашылық 2021 жылдан бастап 350 бас ірі қара малға кеңейтілген. Жобаның құны 900 миллион теңгені құрайды. Қазіргі уақытта 862 бас ірі қара мал бар. Оның ішінде Дания елінен 136 бас сиыр және немістің «гольштейн» сиыр тұқымы да кездеседі.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин тауарлы-сүт ферманың жұмысымен танысып, алдағы жоспардың жүзеге асуына барынша қолдау болатынын айтты. Болашақта тұрғындар тарапынан арыз-шағым түспеу үшін жаңа технологияны пайдалану қажеттігін жеткізді.

Ескелді ауданында облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев облыстың аграрлық секторы бойынша жетістіктерді таныстырды. Оның айтуынша, 2023 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық негізгі көрсеткіші жоғары.

(Соңы 2-бетте)

● ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ТЫҢ МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Кеше Жетісу жеріне табан тіреген Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Джун ЯМАДАНЫ облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ қабылдады. Кездесуде аймақ басшысы Қазақстан мен Күншығыс елінің достық қарым-қатынасы мен Жетісу өңіріндегі әріптестік байланысты нығайту төңірегінде сөз қозғалды. Сөз арасында «Асар» спорттық-сауықтыру орталығына қолдау білдіргені үшін елшілік өкілдеріне алғысын білдірді.

Дастанбек САДЫҚ

– Жетісу – тек ауылшаруашылық аймақ қана емес, туризмді дамытуға қолайлы өңір. Жапония сакура гүлдегенін мерекелесе, Сиверс алмасының отаны саналатын біздің өңірде осы жемістің гүлдеуін ерекше атап өтеміз. Қос мемлекеттің достығы мен ынтымақтастығы саудасаттық және тауар айналымын арттыруға оңтайлы жағдай туындатуда. Дейтұрғанмен, биылғы 4 айда тауар айналымы 400 мың долларды құрады. Осы көрсеткішті арттыруға біз де мүдделіміз. Жапонияның Қазақстандағы елшілігіне ілтипатымыз зор. «Шөп тамыры» бағдарламасы өзегінде өңірдегі мүмкіндігі шектеулі тұрғындарды сауықтыруға жәрдемдесуде. Әрбір адам жайлы және қолайлы жағдайда өмір сүруі қажет. Қос тарап мүгедектерге жәрдемдесу арқылы жақсылықтың жаршысына айналдық, – деді облыс әкімі Б. Исабаев.

Аймақ басшысы ауылшаруашылығын және туризмді дамытуға Жапониядан инвесторлар тарту керегін алға тартты. Тіпті, сейсмикалық қауіптілікті қалыпты өмірмен ұштастырған ғылыми жетістіктерді бөліссе деген ұсынысын да жеткізді. Өз кезегінде сөз алған Джун Ямада Алматы облысының бөлініп, Жетісу облысының іргесі қаланғанына 2-ақ жыл толғанына карамастан жақсы нәтижелерге қол жеткізген облыс басшылығына алғыс білдірді. Өңірде жапон ғалымдары мен кәсіпкерлеріне жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуіне толық мүмкіндік барын да тілге тиек етті.

– Біз достықты жоғары бағалаймыз. Бірлесіп жаңа мүмкіндіктерге қол жеткіземіз. Қазақстанның біршама өңірінде болдым. Дамуды тұрмысына арқау еткен бұл елде 3 жылдан бері қызмет етудемін. Қазақстан мен Жапония арасында бауырлас қалалар тәжірибесін енгізуді қалаймыз. Бұл достық туын одан әрі биіктетері сөзсіз, – деді Елші.

Аймақ басшысы ұсынысты жан-жақты таразылайтынын жеткізіп, Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Джун Ямадаға Жетісу өңірінің ғажайыбын тамашалауды ұсынды.

● ӘЛЕУМЕТ

Мүмкіндігі шектеулі жандарға үміт сыйлаған, жаңға шипа дертке дауа болған Талдықорғандағы «Асар» спорттық-оңалту орталығына 10 жыл. Осыған орай аталмыш орталықта мерекелік шара өтті. Оған Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Джун ЯМАДА қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Жиын барысында облыстық мәслихат төрағасы Гүлнар Тойлыбаева:

– Оңалту орталығының мерейтойына арнайы іссапармен келген Джун Ямада мырзаға ерекше алғысымызды білдіреміз. Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі орталыққа құрал-жабдықтар алуға көп көмектесті. «Асар» әлеуметтік орталығы бүгінгі күнге дейін ерекше қажеттіліктері бар жандарға талапқа сай сапалы қызмет көрсетіп, талай жанның аяғынан тұрып кетуіне көмектесті. Орталықтың арқасында мүгедектігі бар азаматтардың өмір сүру сапасы артып келеді. Орталығымыз жандана берсін, – деп ізгі тілегін білдірді.

Осыдан кейін Джун Ямада: «Бұл біз қолдаған Қазақстандағы ең ірі жобалардың бірі. Орталыққа шетелдерден заманауи құрал-жабдықтар алынды. Ол нәтижесін берді. Мұнда емделіп, аяғынан тік тұрып кеткен жандар бар дегенді естіп қуанып отырмын. Орталықтың жұмысы әлі де жанданатынына сенімдімін», – деп ақжарма тілегін ақтарды.

Өз кезегінде сөз алған «Асар» спорттық-оңалту орталығының директоры Елдос Баялышбаев ірі жобаның алғашқы қадамын жасауға көмектескен ата-анасына, мүмкіндігі шектеулі жандарды емдеп,

● МЕМОРАНДУМ

Онкологиялық орталық салынады

■ Адамзат қоғамын алаңдатқан онкологиялық аурулардың жылдан жылға өршіп келе жатқанын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дабыл қаға жеткізуде. Ұйымның соңғы уақыттардағы мәліметінше, әлемде 20 млн. жаңа қатерлі ісік ауруы тіркелсе, бұл көрсеткіш алдағы 30 жыл ішінде 77%-ға өседі деп болжануда. Ал Жетісу облысындағы статистикалық деректер бойынша жыл сайын диспансерлік есепте тұрған пациенттер санының өсуі байқалады.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Ал облысымызда аталған дерттің алдын алатын, сырқат жандарды емдейтін бірден-бір онкологиялық орталық салынбақ. Осыған орай Талдықорған қаласында онкологиялық орталық салу жөніндегі ынтымақтастық туралы үш-жақты Меморандумға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, «Kazakhstan Holding (Kazakhmys Холдинг)» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Оғай, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев қол қойды.

Ресми шараның мақсат-міндетін айшықтаған аймақ басшысы:

– Денсаулық сақтау инфрақұрылымын жақсарту, заманауи медициналық құралдармен жабдықтауды арттыру – облыста ерекше бақылауда тұрған мәселелердің бірі. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы 2022 жылғы

20 қазанда Жетісу облысына жұмыс сапары барысында Талдықорған қаласында жаңа онкологиялық орталық салу мәселесін тапсырған болатын. Осы бағытта әкімдік тарапынан бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Жамбыл облысының 200 төсектік онкологиялық орталығының жобасы негізге алынып, мақұлданды, – деді.

Өз кезегінде сөз алған «Kazakhstan Holding (Kazakhmys Холдинг)» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Оғай, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев, Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас онкологы Дилара Қайдаровалар Талдықорған қаласында бой көтеретін орталықтың өзектілігі мен пайдасы жөнінде жан-жақты айтып өтті.

● ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Баспана – басты мәселе

■ Шаңырақ шаттығын көздеген көп замандасымыздың заңдық-құқықтық тұрғыда білгені мен түсініп-тұшығанын жеткілікті деп айту қиын. Дені аңсап жеткен баспанасын заңдастыру мәселесіне келгенде кібіртіктеп, көңілін тыншытпаған жайтты ойлап, жанын алаңдатқан сауалдың жауабын іздейді.

Сондай шақта әкімнің қабылдауына жазылып, баспана мәселесін жыр етеді. Шығыршықты айналған ақ тиындай бір сауал төңірегінен ойын өрістетіп алмай қалатын жайт та әкім қабылдауында орын алып жатады.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қабылдауына жазылған 8 баланың анасы Айнагүл Тоқпанбетова да баспананың құжатын рәсімдегісі келеді. Кейіпкерімізге 2019 жылы желтоқсан айында Талдықорған қаласы, «Береке» коттедж қалашығындағы 410-үй мекенжайынан «Көпбалалы отбасылар» санаты бойынша сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй берілген. Бүгінде аталған үйдің иесі екенін анықтайтын келісімшарт қағазын жасап, шатырын жасап беруге көмек сұрай келген. Аталған мәселені сараптаған облыс әкімі жауапты мамандарға тапсырма жүктеп, алдымен азаматтың келісімшартын заңды тұрғыда жасауды, шатырын қалыпқа келтіруді тапсырды.

Өз кезегінде облыс әкіміне мұның шаға келген көпбалалы ана Күлбаршын Тазабекованың мәселесі де шешімін таппақ. Аталған кейіпкер 2-топтағы мүгедек ретінде 2005 жылдың мамырында «Халықтың әлеуметтік осал топтары» санаты бойынша №135 кезекке тіркелген. 2019 жылдың желтоқсанында тұрғын үй кезегімен баспаналы болғанымен ол үйге қоныстанбаған әрі құжаттары талапқа сай рәсімделмеген. Талдықорған қаласының тұрғын үй бөлімінің жүргізген жыл сайынғы түгендеу жұмысы барысында К. Тазабекова 2-топтағы мүгедектігінен 2007 жылы айырылғаны анықталып, осы себепті 2020 жылдың қаңтарында үйінің кілті қайтарып алынған және сол жылдың сәуірінде кезектен шығарылған. Осыған орай кезегін қалыпқа келтіріп беруін әрі заңды тұрғыда баспаналы болғысы келетінін жеткізген тұрғынның өтініші бойынша да облыс әкімі жауапты мамандарға тапсырма жүктеді.

АРДА БИ



Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ

ҮМІТ СЫЙЛАҒАН «АСАР»

жұмысын абыроймен атқарып жүрген білікті дәрігерлерге, заман талабына сай түрлі аппараттар алуға мұрындық болған Жапония Елшілігіне алғысын білдіріп, алдағы уақытта да барын салып жұмыс істейтінін жеткізді.

Шараға жиылған жұртшылық кезек-кезегімен сөз алып, ізгі тілектерін білдірді. Сондай-ақ, Елдос Баялышбаевқа Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің құттықтау жеделхаты оқылды. Онда Елдостың әлеуметтік қорғау ісіне қосқан үлесі аталып, орталық басшысы мен ұжымының атына ақ тілектер жолданды.

Осыдан кейін қонақтар оңалту орталығының ішін аралады. Орталықта негізін омыртқаның түрлі жарақаттарынан, инсульттан, балалардың церебральді салдығы, I-III топтағы мүгедектіктен

кейін оңалту жүргізіледі. 2015 жылдан бастап осы жобаны іске асыра бастаған Елдос «Сәби» қорының «Өз бизнесіңді құр» конкурсында жеңімпаз атаныпты. Сонымен қатар, әр жылдары Жапония Елшілігінің жабдық сатып алуға берілетін «Шөп тамырлары» грантын екі рет жеңіп алып, Испания, АҚШ, Германия, Қытай, Италия, Ресей, Польша елдерінен заманауи аппараттар алынған.

Жаңа нысанның құрылысы 2018 жылы басталып, 2023 жылы аяқталды. Мұнда физиотерапия, кинезотерапия, массаж, емдеу, психолог және логопед кабинеттері жабдықталған. Бір жыл ішінде оңалту орталығында 4000-нан астам адам емделген. Оның 400-і балдаққа тұрып кеткен. Бұл – жаңға шипа болған оңалту орталығы үшін үлкен жетістік.

● КӘСІПКЕРЛІК

«ЖЕТИСУ ЭКО»
ШЕБЕРХАНАСЫ

■ Талдықорған қаласының тұрғыны Андрей Плаутиннің кәсіппен айналысып келе жатқанына 5 жыл. Оның қазір «Жетісу Эко» деп аталатын шеберханасы бар.



Шеберханада әртүрлі өнім шығарылады. Дайын бұйымдар тек Жетісу жерінде ғана емес, сондай-ақ одан тыс жерлерде де танымал. Андрей Плаутиннің кәсібі сандық басқаруы бар құрылғыларға деген қызығушылықтан басталды. Бұл құмарлық кәсіпкердің өз шеберханасын ашуына ықпал етті. Онда ол өзінің шығармашылық ойларын

құрылғылармен лазерлік кесуді қолдана отырып жүзеге асырады. Сөйтіп, ол сапаға мән бере көзтартарлық бұйымдар жасайды. CNC машиналары өте жоғары өңдеу дәлдігін қамтамасыз етеді.

– Мен құрылғымен ескерткіштерге ойып жазамын. Сонымен бірге гүл шоктарына арналған себеттер жасап, қалай да тапсырыс

берушінің талабынан шығуға тырысамын. Әртүрлі идея көбіне шеберханада жұмыс істеп отырғанда келеді. Сол ойларымды сапалы іске асыруға асығамын, – дейді Андрей Плаутин.

Экологиялық таза өнімдер пластиктен жасалған заттарға қарағанда үнемі сұранысқа ие. Кәсіпкер бұйым жасауға негізінен ағаш, былғары, мата, шыны, тас сияқты табиғи заттарды қолданады. Сондықтан болар, қазір оның өнімдеріне сұраныс жоғары. Бір айда 70-тен аса ескерткіш, 200-ге жуық аксессуар сатылады. Алдағы уақытта ол өнім түрін көбейтіп, кәсібін кеңейтуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, тапсырыс берушілердің де қажеттілігін ескеріп, сұранысын қамтамасыз етуді мақсат тұтады.

Айта кетейік, кәсіпкердің шығарған бұйымдары табиғилығымен де ерекшеленеді. Андрей Плаутин өзінің ұлы Владиславқа да кәсіп жүргізудің қыр-сырын үйретіп, өз тәжірибесімен бөлісіп келеді. Сөйтіп, өнім жасаудың әдіс-тәсілін меңгертуде.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оналбаевтың сөзінше, табиғи заттан өнім шығару бұл экологиялық жағынан өте тиімді әрі табысты кәсіп. Яғни, бұл қоршаған ортаны сақтауға мүмкіндік береді.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Талдықорған қаласы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы өңірлік өнім 1923,7 миллиард теңгеге жеткен. Өнеркәсіпте 92,1 миллиард теңгенің өнімі өндірілді. Ал ауылшаруашылығының жалпы өнімі 57,8 миллиард теңгеге жетті. Құрылыс жұмыстарының көлемі 2,3 есеге ұлғайып 40,3 миллиард теңгені құрады. Облыс аумағында 65,2 мың шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді. Биыл ауылшаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 7,0 мың гектарға ұлғайтылды. Егіс алқабын әртараптандыру аясында дәнді дақылдар 15,1 мың гектарға, картоп 0,9 мың гектарға қысқарып, қажетті дақылдардың егіс көлемі жалпы 22,9 мың гектарға ұлғайды. Қант өндіру саласын дамыту бағытында, яғни 2026 жылға дейін қант қызылшасының егіс алқабын 15 мың гектарға арттыруды жоспарлап, 12,6 мың гектарға егілді.

Ары қарай жұмыс тобы мал және өсімдік шаруашылығымен айналысатын «Хильниченко и К» шаруашылығына барды. Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында 1998 жылы құрылған шаруашылық 11000 гектар жер көлемін тиімді игеруде. Қазіргі таңда мұнда 210 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Шаруашылық басшысы Александр Хильниченконың айтуынша, шаруашылық дәнді және бұршақ дақылдарын өсіруге, ұсақ мал және етті жылқы асырауға машықтанған. 1438 гектар егістік жер болса, оның ішінде 264 гектар суармалы және 9562 гектар жайылымды жердің барлығы да тиімді игеріледі. Сонымен қатар, 7196 бас «Этти меринос» қой тұқымы, 565 бас жылқы, 295 бас бие байлауда.

Бұдан кейін Премьер-Министрдің орынбасары «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында өндірілген өсімдіктерді қорғау құралдары, тұқымдар, стимуляторлар, микротаңайтқыштар, кәсіпкерлердің өнімдері, сондай-ақ, егіс алқабындағы ауылшаруашылық техникалары қойылған көрмемен танысты. Одан әрі ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен пікір алмасты. Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин соңғы жылдары ауа райының әртүрлілігіне байланысты еліміздің ауылшаруашылығы саласында қиындықтар болғанын, көптеген өңір өнім алмағанын атап өтті. Бүгінде ел Президентінің тапсырмасы мен бақылауындағы жағдай өзгеріп, алдағы уақытта тек он динамика байқалатынын айтты.

● БРИФИНГ

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНА
ДАЙЫНДЫҚ

■ Журналистер үйінде облыстық төтенше жағдайлар департаменті суға шомылу кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында брифинг өткізді.

Шара Талдықорған қаласы ТЖБ азаматтық қорғаныс тобының аға офицері Бауыржан Манасовтың баяндамасымен ашылды. Ол:

– Судағы төтенше жағдайлар адамдардың құтқарушылар бақылауынсыз су айдындарында ұйымдастырылмаған демалысы, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамауы, жеке демалыс орындары иелерінің судағы қауіпсіздік талаптарын орындамауы, жүзе білмеуі және балаларды ересек адамдардың бақылауынсыз



АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ –
ЕҢ МАҢЫЗДЫ САЛА

– Жетісу облысының әр саласында даму бар. Жетістік көңіл қуантады. Үлкен жұмыс атқарылғанын көріп отырмын. Біз сіздердің жетістіктеріңізге қуаныштымыз және сіздердің еңбектеріңізге ризамыз. Мемлекеттің алдағы жылдарға арналған ауылшаруашылығындағы мақсаты – ішкі нарық қажеттілігі толық жабылғанға дейін негізгі азық-түлік өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту, ал болашақта – экспортқа шығу. Өнім жақсы болуы үшін міндетті түрде техника да заман талабына сай болғаны жөн. «Кең дала» бағдарламасы туралы бәріңіз білесіздер, оған бөлінген қаржы 180 миллиард теңге болған. Биыл қосымша 400 миллиард теңге бөлінді. Мемлекет бірден 60 миллиард теңге субсидия бөледі, соның нәтижесінде Аграрлық несие корпорациясы 5 пайыздан аспайтын жеңілдетілген мөлшерлемемен несие береді. Бірақ корпорация жоғары талаптар қояды. Сондықтан несиелер бойынша қамтамасыз ету жағдайын жақсарту үшін «Даму» қоры арқылы несиелік келісім сомасының 85% мөлшерінде кепілдік тетігі қарастырылған. Бұл үлкен мәселе тудырды. Бірақ бірқатар өзгеріс енгіздік. Енді «Аграрлық несие корпорациясының» өтінімдері өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға жіберіліп, жергілікті әкімдік кепілгер болуға әрекет етуде. Бір сөзбен айтқанда, сіздердің барлық ұсыныстарыңызды ескеріп, тетігін пысықтадық. Ең бастысы, бюджет

қаражаты шаруаларға жетеді. Біз отандық өнімді арттырып, шаруалар сұранысын қанағаттандыру үшін барлық жағдайды жасаймыз. Өзге өңірлермен салыстырғанда сіздерде ауа райы қолайлы. Тәжірибелі әкімдердің бірі басшылық етіп отырған облыс барлық көрсеткіштер бойынша бірінші орында келеді. Сондықтан сіздерге табыс пен мол өнім тілеймін! – деп тілегін білдірді жиын соңында Серік Жұманғарин.

Кездесу барысында шаруалар ауылшаруашылығы бағытында көрсетілетін мемлекеттік көмектер, субсидиялар, арнайы техникалар алу үшін қарастырылған жеңілдетілген несиелер және тағы да басқа қиындықтар тудыратын тақырыптарда сұрақтары мен ұсыныстарын білдірді. Өз кезегінде Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин барлық сұраққа нақты жауап қатып, ұсыныстардың ескерілетінін жеткізді.

Жұмыс тобы «ЖетісуАгроКешені» ЖШС кәсіпорын жұмысымен танысты. «Жетісу» ӘКК» ӘДИ» АҚ қоймасына 4600 тонна өнім сақтауға болады. Жалпы, пайдаланатын алаңы 3555 шаршы метр. Облыс шаруалары өнімдерін жаз мезгілінде әр шаршы метрге 200 теңгеден, ал қыста әр шаршы метрге 1000 теңгеден сақтауға мүмкіндіктері бар. Мұнда көбіне картоп, сәбіз және пияз сақталады. Қойма жұмысымен танысқан жұмыс тобы жетісулық шаруаларға береке тіледі.

Аяулым ШЫНГАЕВА,

ЖУ студенті

● ТАЗА ҚАЗАҚСТАН



Қоршаған ортаға
саналы көзқарас

■ Президенттің бастамасымен қолға алынған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы адамзатты табиғатты сақтауға шақырады, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үндейді. Еліміздің түкпір-түкпірінде белсенді түрде өтіп жатқан акцияға Жетісу тұрғындары жұмыла атсалысуда.

Жалпыұлттық тазалық шарасына аудан аумағындағы барлық мекеме-ұйым жұмысшылары мен жалынды жастар, белсенді азаматтар қатысты. Бұл бір күндік науқандық шара емес, жалпыхалықтық дәстүрге айналуға тиісті экологиялық мәдениетіміз бен қоршаған ортаға деген саналы көзқарасмыздың көрінісі.

Акция аясында өңірдегі табиғи және тарихи тұрғыда маңызды орын алатын Сарқан ауданындағы «Қойтас» саябағында кезекті тазалық шарасы өтті. «Қойтас» спорттық жастар кешенінің іргетасы осыдан 3 жыл бұрын қаланған болатын. Мұндағы қазіргі заманғы қуатты техникалардың өзі көтере алмайтын алып жартастар мен қойтастардың қай заманда асау да тасқынды өзен ағысымен келгенін тап басып айтатын адам жоқ. Бізге айқыны – ұлы суретші табиғаттың сарқандықтарға ұсынған туындысы.

Сабырын сарки алмай, ашулы қалпынан танбай гүрілдеп ағатын Сарқан өзені, оның жағалауындағы жазиралы қыраттар, ортадағы стадион, жоғарыдағы табиғи мінбе заманауи спорттық құрылғылар орнатылған соң таптырмас демалыс кешеніне айналған. Жергілікті тұрғындар бұл өңірді арамшөптерден тазалап, саябақ аумағын ажарландыруға ден қойды. Өңірдегі танымал түйе балуандар аумақты тастардан тазартып, акцияға үлес қосты. Бұл күні экоакция аясында жергілікті өнерпаздардың құлақ құрышын қандырап ән-әуендері тыңдармандарға жетіп, ұлттық аспаптармен әуезді ән тербеткен топ тазалық акциясын мерекелік шараға айналдырды. Сонымен қатар, өңірдегі «Ақбұлақ-Продукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тасада қалмай, акцияға қатысушылардың барлығына төл өнім – ұлттық сусындарды ұсынып, республикалық акцияға өз үлестерін қосты.

Осындай экологиялық акция аясында Сарқан ауданында орналасқан, ел табиғаты үшін асыл қазына болып табылатын «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында ауқымды іс-шара жалғасын тапты.

Ұлттық парк аумағына санитарлық тазалық жұмыстарын жасап, шөп шауып, ағаш түптерін әктеп, қоқыстан тазартумен қатар орман шаруашылығы питомнигінде күзгі ағаш егу маусымына дайындық жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, ағаш егетін орындарды даярлауға басым бағыт берілді. Шараға 100-ге жуық табиғат сақшылары және парк қызметкерлері қатысты.

Ұлттық парк аумағындағы тұқымбаққа келер жылы 80 мың түп көшет отырғызылмақ. Алдағы уақытта олар тек облыс аумағы емес, республиканың түкпір-түкпіріне жөнелтілетін болады. Аталмыш питомниктің еліміздегі ағаш базасын молайтуда атқарар рөлі мол. «Қыстың қамын жаз ойла» деген халық нақылын ұстанған жетісулықтар күзгі ағаш егу маусымына дәл осылай дайындалуда.

Жаксылық ЖОМАРТУЛЫ

Сарқан ауданы

Көл түбі тазаланды

■ Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері ел жаулары атанған Алакөл көлінде суасты тазалық жұмыстарын жүргізді.

Шомылу маусымы қарсаңында ұйымдастырылған акцияда облыстық ТЖД арнайы бригадасы көлді күл-қоқыстан тазалап, арнасын қалыпқа келтіру мақсатында қызу жұмыс жүргізді. Нәтижесінде Балқаш көлінің 10 км. бойы 5 метр тереңдікке дейін түрлі қоқыстан тазартылды. Сүнгуірлер бірегей көл түбінен целлофан, пластик сынды 367 келі қоқыс шығарды.

«Атқарылып жатқан жоба аймақтық емес, мемлекеттік болуы тиіс. Алакөл көлінің табиғи байлығын жоғалтпай сақтап қалу – біздің парызымыз», – дейді мамандар.

ТЖД сүнгуірлер көмегімен су астын қоқыстан арылтып, көз жауын алатын көгілдір көлге алыс-жақыннан ағылған жазғы демалысын өткізушілерге қауіпсіз ортада тазалықты қамтамасыз ететін болады. Осы арқылы көл түбінің ластанбауын қатаң қолға алған төтенше жағдайлар қызметкерлері «Таза Қазақстан» акциясы барысында жердің беті ғана емес, өзен-көл астының да назардан тыс қалмауы керектігін айтып, жетісулықтарды тазалыққа шақырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

● ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ

Тариф төмендетілді

■ 2024 жылдың 1 маусымынан бастап ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментіне ұсынылған қорытынды негізінде «Жетісу Энерготрейд» ЖШС-нің заңды тұлғалар үшін электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтерінің шекті бағасы төмендетілді.

1 кВт.сағ. үшін 38,50 теңгеден 32,60 теңгеге қысқарды. Тарифті төмендету ҚР ҰЭМ ТМРК аумақтық департаменттері реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды электр энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерге лицензиялардың қолданылуын жақында тоқтатқаннан кейін мүмкін болды. Еске сала кетейік, бұл жұмысты Үкімет Мемлекет басшысының делдал ұйымдарды, оның ішінде тұтынушыларды электрмен жабдықтау тізбегіндегі өнімсіз делдалдарды жою жөніндегі тапсырмасы аясында жүргізді.

Тарифті төмендетудің алғышарты тұтынушылардың (қаланың заңды тұлғалары мен бюджеттік ұйымдарының) реттелмейтін энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр энергиясын кепілді жеткізушіге («Жетісу Энерготрейд» ЖШС) ауысуы болды. Бұл кепілді жеткізушінің көрсетілетін қызметтерінің көлемін ұлғайту үшін тиісінше тарифті төмендетуге әсер етті. Электр энергиясы қызметтерін үздіксіз алу үшін бұрын реттелмейтін жеткізушілерді пайдаланған облыстың заңды тұлғаларының «Жетісу Энерготрейд» ЖШС-мен жедел түрде тиісті шарттар жасауға мүмкіндік бар.

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті



● ЖАН ЖЫЛУТЫ



Сауле Дикамбаева 1950 жылдың 2-ші қыркүйегінде ШҚО-да дүниеге келген. Еңбек жолын 1978 жылы Семей медицина институтын емдеу ісі факультеті бойынша бітіріп, жолдамамен Қаратал аудандық орталық ауруханасынан бастайды. 1978-1981 жылдары перзентхана бөлімшесінің акушер-гинеколог дәрігері, 1981-1989 жылдары әйелдер бөлімшесінің меңгерушісі болып істейді. 1990 жылдан бастап бүгінгі

ДИАГНОЗ

ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН АБЫРОЙ

■ «Дені саудың жаны сау» деп бекер айтпаған. Расында, қай адамға да денінің саулығынан артық бақыт пен байлық, қазына мен құндылық жоқ. Ал, «басың ауырып, балтырың сыздаған» сәтте ақ халатты абзал жандардың алар орны ерекше екенін түсінесің.

Айғаным АЙТМҰХАН

күнге дейін гинекология бөлімшесінің меңгерушісі қызметін атқаруда.

Өзі таңдаған сүйікті мамандығы бойынша адам жанын аман алып қалуда бір ұжымда 46 жыл тынбай еңбек еткен ардагер дәрігердің облыстың медицина саласын дамытуға, оның ішінде ана мен баланың өмірін жауапкершілікпен қараудағы атқарған ісі мол. Осы еңбек жолында Сауле Жұманқызы қаншама қиындықтан өтті, науқастар үшін неше түнін ұйқысыз өткізді. Соның нәтижесінде мыңдаған науқастың алғысына бөленді. Әрбір науқаспен сөйлесу, ортақ тіл табысу, оны емдеу, жылы сөзбен сүйеу болу

онай емес. Науқастарды емдей отырып, өз өмірін қатерге тігіп, осынша жыл халыққа қызмет еткен акушердің жұмысын нағыз ерлікке тенесе де болады.

Денсаулық саласында атқарған еңбектері жеміссіз емес. Ол Қаратал ауданының Құрметті азаматы, «Еңбек ардагері» төсбелгісімен және облыстық денсаулық сақтау басқармасының Алғыс хаттарымен марапатталды. Отбасында 1 ұл, 2 қыз өсіріп, тәрбиелеген аяулы ана.

Дәрігерлікке тән жоғары жауапкершілік пен терең білімді, үздіксіз ізденісті қажет деп білген, соның арқасында зор абыройға ие болған Сәле Жұманқызы әрқашан үлкен құрметке лайықты жан.

ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ДЕ ЛАЙЫҚ

■ Мен асқазанда пайда болған имфома ауруымен қыркүйек айынан бері күресіп келемін. Алты рет химия алдым. Ауруыма жәрдем беретін керекті ем-домдардың бәрі жасалды. Денсаулығымды тексерген дәрігерлер менің әлеуметтік жағдайымды елеп-ескеріп, өз бақылауларына алды.

Күні-түні жарғақ құлағы жастыққа тимей тынымсыз жұмысқа жегіліп, тығырықтан шығар жол іздеп, дерттің емін табуға бар білім-білігін, күш-жігерін салатын дәрігерлердің талпынысын қалалық №1 емхананың онколог-дәрігері Гаухар Битуева, №1 қалалық емхананың дәрігері Ләйлә Төлеуханова, жалпы тәжірибелік бөлімінің

меңгерушісі Анар Мухитованың адал еңбектерінің арқасында, Алланың қалауымен жаным аман қалды. Сондай-ақ, ауруханадағы мейірбикелер мен санитариялық бөлім қызметкерлерінің еңбегін айтып жеткізу мүмкін емес. Ауырып жатқан науқастармен тіл табысып, жұмыс істеудің өзі қиынның-қиыны. Қазіргі таңда онколо-

гиялық аурухананың бас дәрігері Мадияр Амангелдіұлының ұйымдастыруымен барлық емделушіге жағдай жасалуда. Бас дәрігердің тапсырмасын ойдағыдай орындайтын Дәуренбек Арапжанов және Гүлайым Оразбекова, химиотерапия бөлімінің меңгерушісі Назым Қасымбекова, мені емдеп жазған Әлібек Сабырбекұлы мен Рауан Бақытжанұлының еңбектерін ерекше айтып өткім келеді. Өзім ем алып жүретін «Қайнар» емханасының 20-шы учаскелік дәрігері Айман Досалиева, медбике Дина Рысбекова

мен Гүлзат Ғабдуллиннің атқарып жатқан істерін айтып өтпеске болмайды. Алғысқа лайық жана-шырлық жасаған жандарға еңбектеріңіз жана берсін деп жақсылықтарына басымды иіп, шын жүрекпен ризашылығымды білдіремін. Соңғы бір жылда елімізде адал, қарапайым, ұстамды, кішіпейіл дәрігерлердің бар екенінің шынайы куәсі болдым.

Абзал жандардың бар екеніне көзім жеткендіктен медицина қызметкерлерінің еңбегін елге жеткізу парызым. Олар қандай мәртебеге, марапатқа болсын әбден лайық.

Айсаяжан ОМАРОВА, қала тұрғыны

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

■ Адамның денсаулығы мен өмірі қоғамдағы ең басты құндылық. Ұлтымыздың саулығы баға жетпес байлық! Бүгінгі таңда жұмыстарына жай ғана міндет деп қарамай халыққа жылы сөз арнап, көңілдерін көтеріп, қалтқысыз қызмет етіп, бүгінгі қоғам талабына сай адам баласының ұзақ өмір сүруіне дәрігерлік демеу көрсетіп жүрген жандар жетерлік.

Халықтың көңілінен шығып, игілігіне бөленіп келе жатқан ақ халатты абзал жан, медицина саласында көп жыл еңбек етіп жүрген №2 қалалық емханасы директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары, еңбек ардагері Бақыт Молдаханова барлық мақтауға лайық. Сондай-ақ, осы емхананың №1 учаскесінің дәрігері

Ләззат Жамантукова, мейірбике Ләззат Ускенбаева жұмысқа нақты жауапкершілікпен қарағанының нәтижесінде науқастар шын жүректен тек алғысын айтуда. №2 емханасы күндізгі бөлім меңгерушісі Ботагөз Байтілеуова, дәрігер Арай Абдрахманова, медбике Жадыра Шаймерденова емханадағы күндізгі емделушілерге мұқият қарап, зор ілтипатпен тынбай еңбек етуде.

Осыған орай алдағы келе жатқан Дәрігерлер күнімен барлық медицина қызметкерлерін мерекелерімен құттықтап, әрқашанда еңбектеріңіз табысты да жемісті болсын дегіміз келеді. Сіздердің адал, ізгі еңбектеріңіз үлкен құрметке лайық! Соған сәйкес құрмет көрсету – әрбіріміздің азаматтық борышымыз.

Ізгі ниетпен: еңбек ардагерлері – Болат ТОПАШЕВ, Қуаныш КҮНБОЛАТОВ, Мұратхан ЕГІНБАЕВ, Асқарбек ИСАЕВ, Елемес ОРАЗБАЕВ

● ОБРАЗОВАНИЕ



TopIQ также помогает значительно улучшить процесс обучения в летней школе и позволяет создавать интерактивные уроки, организовывать проектную деятельность и отслеживать прогресс учеников.

Можно посмотреть качественные видео, фото, прослушать аудиоматериалы. Каждая страница книги словно оживает, чем привлекает еще больше внимания у детей. Содержание полностью соответствует учебной программе и возрастным особенностям учащихся. Платформа позволяет получать мгновенную обратную связь по результатам выполнения заданий, что помогает ученикам быстрее находить и исправлять ошибки.

Летняя школа с TopIQ

■ Цифровая платформа TopIQ – это отечественная цифровая платформа учебников издательства «Алматыкітап» для школьников с 1 по 11 классы. Данная платформа полностью соответствует печатному варианту учебников, но дополнена большим цифровым контентом.

Для работы с платформой необязательно сидеть в кабинете, можно провести урок и в нестандартной обстановке. Ученику необязательно иметь компьютер или ноутбук, так как задания можно выполнять на планшете или в телефоне. Особенно это увлекательно на уроках естествознания и познания мира. Платформа TopIQ позволяет ученикам совершать виртуальные экскурсии по музеям, природным объектам и другим местам, расширяя кругозор учеников и в то же время позволяя ребятам, сравнивать свои наблюдения с живой природой. Уроки на платформе включают яркие мультимедийные материалы, делая изучение окружающего мира более увлекательным. Ученики в летней школе могут использовать TopIQ для создания и презентации проектов по темам окружающего мира.

На уроке познания мира во 2 классе летней школы по теме «Как правильно пользоваться компасом», используя электронный учебник на платформе TopIQ при выполнении задания, учащиеся с легкостью отвечают на вопросы, повторяя действия виртуальных мальчика и девочки, анализируя и делая выводы.

Преимущества использования TopIQ в летней школе очень велики. Это повышение мотивации, индивидуализация обучения, развитие ключевых навыков – применение платформы способствует формированию цифровых, коммуникативных и исследовательских компетенций.

Я нашла для себя много плюсов и возможностей, посетив областной семинар в г. Талдықоргане «Использование цифрового ресурса «TopIQ». Участвую в конкурсе LEADER TopIQ 2024, где получила много дополнительной информации, а также поделилась знаниями с коллегами в нашей школе, и теперь мы вместе изучаем и внедряем использование электронных учебников на платформе TopIQ.kz.

Платформа является незаменимым помощником в летней школе: значительно экономит время на подготовку демонстрационного материала к урокам, проверку и оценивание работ детей. Благодаря использованию цифровой платформы TopIQ, уроки в летней школе становятся более интересными и познавательными.

М. ФЕДОРИНА, учитель начальных классов КГУ «Теректі средняя школа» Саркандский район

● АЛҒЫС



■ Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары еліміздің ең қымбат қазынасы екені ҚР Конституциясының І-бабында айқын жазылған десек, басты құндылық болып саналатын адамның өмірінде бауыр еті баласынан артық ұлы сый, нығмет жоқ екені тағы рас. Әр шаңырақтың базары мен қуанышы, келешегіміздің жалғасы, болашағымыздың кілті – біздің бал тілді балапандарымыз екені анық. Сол балапандарымыздың бақытты, уайым-қайғысыз өмір сүруіне жағдай жасау әр азаматтың басты міндеті деп түсінеміз.

Балдырғандарды қуантты

Әр ата-ана балаларына жарқын болашақ сыйлау үшін адал еңбек етіп, ұлағатты өмір жолын сілтеп, тәлім-тәрбие беріп, балаларының дұрыс азамат болып өскенін қалайды. Өмірде өз орындарын тапқанын тілейді. Алайда, елімізде қатал тағдырдың сынағына ілініп, бақытты, алаңсыз балалық шақты арман еткен бүлдіршіндеріміз де жеткілікті.

Адам өміріндегі ең берекелі, қайырлы істің бірі – мұқтаж жандарға қол ұшын созу, жәрдемдесу.

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Қабанбай ауылының кәсіпкерлері, атап айтсақ Қабанбай ауылындағы «Grand Hall» мейрамханасының иелері ерлі-зайыпты Африкан Ким мен Елена Малахова және «Лағманхана» кафесінің иесі Ерлан Кенжасар аз ғана уақытқа болса да балапандардың көңілдеріне қуаныш пен шаттық ұялатып, бақыт сыйлады.

Аталған кәсіпкерлер қай мереке болсын белсенділік танытып, үлкен-кішіге бірдей жүрек жылуларын шашып, мейірім мен жақсылық сыйлап жүрген азаматтар.

А. Ким мен Е. Малахова жыл басында 160 балаға дастарқан жайып, жаңажылдық сыйлық тартып еді. Сонда керемет мерекенің куәгері болғанбыз. Қасиетті Рамазан айында 200 адамның аузын ашса, Балаларды қорғау күнінде де 172 балаға мерекелік

балалар тағамдарына толы дастарқан әзірлеп, балмұздақ таратты. Мәдениет үйі мен балалар шығармашылық орталығының ұжымымен концерттік бағдарлама ұйымдастырып, үлкен қуаныш сыйлады.

Жеке кәсіпкер Кенжасар Ерлан да мұндай игі істерден құралақан емес. Рамазан айында Теректі ауылының мешітінде 100 адамға ауыз аштырып, Балаларды қорғау күнінде 2000 балаға балмұздақ таратып, түрлі мультфильм кейіпкерлерін қонаққа шақырып, үлкен шара өткізді.

Бұл кәсіпкерлер ауылымызда өтетін түрлі шараларға да тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Оқу жылының басталуы қарсаңында «Мектепке жол» акциясы аясында көптеген балаға оқу құралдары мен киім алып береді. Міне, осындай қайырымды істің демеушісі болып отырған азаматтарды аудан, облыс көлемінде танып-білсе, мейірімді жандардың қатарлары көбейсе, елдің алғысы мен шапағатына бөленсе екен деген ниетпен мақала жазуды адамдық борышым деп шештім.

Өңіріміздің жүздеген баласына қуаныш сыйлаған жомарт жүрек жандарға кәсіптері алға бассын, мерейлері үстем болсын деген ниетпен айтар алғысым зор.

Салтанат ДАУТБАЕВА, Алакөл аудандық мәслихатының депутаты

«Қазақтелеком» АҚ филиалы сервистік фабрикасы 2024 жылы 26 маусым күні сағат 10.00-де 49 бірлік мөлшерінде көлік құралдарын сату бойынша аукцион өткізетіні туралы хабарлайды. Аукцион мына мекенжай бойынша өткізіледі: Талдықорған қаласы, Ақын Сара көшесі, 155 «А» үй.

Тіркелу мекенжайы: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Сулеев көшесі, 50 «А».

Барлық сұрақтар бойынша телефон: 87282-26-80-75 және сайтта www.telekom.kz Тіркелу уақыты 17.00-ге дейін 24.06.2024ж.

Сервисная фабрика – филиал АО «Казахтелеком» объявляет о проведении аукциона 26 июня 2024 года в 10.00 по продаже транспортных средств в количестве 49 единиц. Аукцион проводится по адресу: г. Талдықорған, ул. Ақын Сара, 155 «А».

Регистрация на участие: г. Талдықорған, с. Еркін, ул. Сулеева, 50 «А».

Все справки по телефону: 87282-26-80-75 и на сайте www.telekom.kz Регистрация до 17.00 24.06.2024г.

Қоғамдық тыңдаулар
«Достық–Ақтоғай–Мойынты–Жарық–Жезказған–Сексеуіл–Қандыағаш–Ақтөбе–Илецк (Достық–Мойынты учаскесінің екінші жолдары) т/ж көлік дәлізін жаңғырту үшін пайдаланылатын Жетісу облысының Сарқан (№21, №20, №19, №31А, №31Б) және Алакөл (№17-В, №36-Б, №8-В, №7-В, №20-В, №5-В) аудандарында орналасқан 11 учаскеде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:
1) 22.07.2024 ж., сағат 11.00-де, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Лепсі к.а., Лепсі к., Мұқан Төлебаев к-сі, 1-ғимаратында.
2) 23.07.2024 ж., сағат 12.00-де Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Ырғайты а.о., Көктұма а., Х. Бектұров к-сі, 32 «А» мекенжайында.
3) 23.07.2024 ж., сағат 16.00-де, Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Қайнар а.о., Қайнар а., Қабанбай батыр к-сі, 3 мекенжайында.
4) 24.07.2024 ж., сағат 11.00-де Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Еңбекші а.о., Еңбекші а., М. Өуезов к-сі, 38 мекенжайында.
Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.
Онлайн конференцияға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/3100800981?pwd=ejE3YU9PS_TZOcdj0VUZ3QnZUcFhNd099
Конференция идентификаторы: 310 080 0981
Кіру коды: Zv03HJ
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Integra Construction KZ» ЖШС, БСН 050840000334. Мекенжайы: Ақмола облысы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1,16. Тел.: +77172695520,email: s.rakishev@inconkz.com.
Өңірешімі: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Каскелен к., Көшек батыр к-сі, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoynauy@mail.ru.
Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: +7 (7282) 32-93-83. Ресми интернет-ресурс http://eoorportal.kz/ және электрондық мекенжайы zhetyusu.priroda@zhetyusu.gov.kz бойынша мүлделі жұртшылық өзілерінің қоғамдық тыңдауларға қатысатынын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

Общественные слушания
Проводятся общественные слушания методом открытого собрания по проекту «План горных работ по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 11 участках, расположенных в Саркандском (№21, №20, №19, №31А, №31Б) и Алакольском (№17-В, №36-Б, №8-В, №7-В, №20-В, №5-В) районах области Жетісу, используемых для модернизации ж/д транспортного коридора Достық-Ақтоғай-Мойынты-Жарық-Жезказған-Сакауськая-Қандыағаш-Ақтөбе-Илецк (вторые пути участка Достык-Мойынты):
1) 22.07.2024 г., в 11.00 часов, по адресу: область Жетісу, Саркандский район, Лепсинская п.а., п. Лепсы, ул. Муқан Төлебаев, здание 1.
2) 23.07.2024 г., в 12.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Ырғайтинский с.о., с. Коктұма, ул. Х.Бектұров, 32 «А».
3) 23.07.2024 г., в 16.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Кайнарский с.о., с. Кайнар, ул. Кабанбай батыра, 3
4) 24.07.2024 г., в 11.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Енбекшинский с.о., с. Енбекши, ул. М.Ауезов, 38.
В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.
Ссылка на онлайн конференцию: https://us04web.zoom.us/j/3100800981?pwd=ejE3YU9PS_TZOcdj0VUZ3QnZUcFhNd099
Идентификатор конференции: 310 080 0981
Код доступа: Zv03HJ
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Integra Construction KZ», БИН 050840000334. Адрес: Акмолинская область, город Астана, район «Есиль», улица Динмухамед Қонаев 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.
Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алакольская область, Карасайский район, г. Каскелен, ул. Көшек батыра, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoynauy@mail.ru.
Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования области Жетісу», тел.: +7 (7282) 32-93-83. Официальный интернет-ресурс http://eoorportal.kz/ и электронный адрес zhetyusu.priroda@zhetyusu.gov.kz по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

● ЗЕРДЕ

■ Ардақты азамат, Жетісу өңіріне әбелгілі заңгер, прокуратура мен сот жүйесінің ардагері Ертай Жанысовтың дүниеден өткеніне де бір жыл болды.

...Жасөспірім кезінде дәл ғылымдарға деген қабілеті байқалғанымен Ертай Жанысовтың физик те, математик те болғысы келмеді...

— Сынып жетекшіміз Елена Сәдуақасова қайткен күнде де менің Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне түскенімді қалады, — деп Ертай Жанысұлы сол бір сағынышты жылдарды жымия еске алады. — Сол үшін де ешкімді ескертпестен, тіпті менің өзіме де айтастан, құжаттарымды ҚазМУ-дің физика-математика факультетіне жіберіп қойыпты.

Қапал (қазіргі Ақсу) ауданындағы Арасан ауылында дүниеге келген Ертай



ІЗГІЛІКТІ ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Жанысов мектепте жақсы оқып, сыныптастарының арасында көшбасшылық қасиеттерімен танылды. Үздік оқып қана қойған жоқ, мықты шаңғышы да атанып, аудандық, облыстық жарыстарда әлденеше рет топ жарды.

Туабітті болмыс-бітімі баһадүрлік қалыпқа сай бола қоймағанымен тынбай жаттығу арқылы қуш-қуатын шыңдауға тырысты. Кішкентайынан қазақтың ұлттық батыры атакты Қажымұқанға ұқсауға тырысып, ауыр атлетикамен де айналысты. Жүйелі түрде жаттыққанның нәтижесінде 18 жасында спорт шеберлігіне кандидат нормативін орындады.

Осы қалыпшен жалғастыра берсе бұдан да биіктерге көл жеткізетіні айқын болатын. Әйтсе де күтпеген кедергіге жолығып, өзі ұнатқан спорт түрімен қоштасуына тура келді. Кезекті бір жаттығудан кейін мұрнынан қан кетіп, дәрігерлер зілтемір ғана емес, одан басқа да ауыр заттарды көтеруіне тыйым салды. Осылайша жасөспірім өзгеше бір тығырыққа тірелгендей еді.

— Жаратылыстану ғылымдары қызықтырмағандықтан біршама қиындықпен болса да ҚазМУ-ден құжаттарымыды қайтарып алудың сөзі түсті. Бұдан арғы жерде енді не істесем, қандай іспен айналыссам болады деген сұрақ туындады. Сөйтіп дағдарып тұрғанымда жолдастарымның бірі медицина институтына түсуге кеңес берді...

Әйтсе де ол аталған жоғары оқу орнында бір жыл да оқи алмады. Мәселе оқу үлгерімінде де емес болатын. Ол мектепте қалай оқыса факультетте де сондай үздік-

тердің қатарында болды. Содан кейін де оның студенттік сынақ кітапшасында сап түзеген сарбаздардай болып бір қатарда кілең үздік бағалар тұратын.

Шындығына көшетін болсақ, Ертай анатомия бойынша алғашқы тәжірибелік сабақ сынағының өзінен өте алмады. Нақтырақ айтатын болсақ, мәйітті сою жұмыстарынан кейін ауруханадан бір-ақ шықты. Бұл көргендерінен алған психологиялық күйзелісінің күшті болғаны соншалық, емдеу ісі факультеті деканының өзі оған: «Айналайын, оқуыңа ешқандай сын айта алмаймын, бірақ сен дәрігер бола алмайтын сияқтысың. Одан да заң институтына барғаның дұрыс па деймін. Мінезін салмақты, әр нәрсеге байыппен қарайсың, адамгершілігің де бар. Сенен жақсы тергеуші шығады...» деген ақыл берді.

Бұған дейін құқықтану мамандығын меңгеремін деген жайт ойына кіріп шықпаса да бұл ақыл көкейіне қона кеткен ол заң факультетін 1954 жылы қызыл дипломмен бітіріп шықты. Сөз орайы келгенде айта кетейік, Ертайдың құрдастары аталған оқу орнының ең соңғы түлектері қатарында болды. Олай дейтініміз, бұдан кейінгі жерде жүзеге асырылған реформалардың нәтижесінде институт ҚазМУ-дің құрамына қосылды.

— Біздер, өткен ғасырдың елуінші жылдарының студенттерін, кереметті лекциялары үшін Салық Зиманұлына қарыздармыз, — деген еді ол. — Олар жай лекциялар ғана емес, ақыл-ой мен интеллектінің жарқын көріністері, қайнап жатқан жанартаулары іспетті болатын. Жас жағынан алғанда бізден соншалықты үлкен болмаса да біз ол кісінің білімінің сон-

шалықты тереңдігі мен танымының кендігіне таңғалатын едік...

Әңгіме барысында сұхбаттасымның бойындағы жақсы қасиеттерінің молдығына нешеме рет тәнті болғаным бар. Сол қатарда оның бойындағы шынайы алғыс сезімі жайында айтып өтпей болмайды. Өзінің Талдықорған облыстық партия комитеті әкімшілік органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет атқарған жылдарын еске ала отырып ол алпысыншы-жетпісінші жылдары осы облыстың партия ұйымын басқарған Бәйкен Әшімовке деген ризашылығын жасыра алмай қалатын.

— Бәйкен Әшімұлының сөзін дайындағанымыз есімнен шықпайды, — деп еске алады Ертай Жанысұлы. — Басының баяндамасы айтарлықтай көлемді, мазмұнды болып шықты. Обкомның бірінші хатшысының алқалы жиын мінберінде тұрып алдындағы қағазына бірде-бір рет көз салмастан баяндаманы сөзбес-сөз дерліктей тізбелеп шыққанына аузымыз ашылып қалғандай таңғалысты күй кештік. Мұндай да зердесі, жады мықты адам болады екен-ау?!

Ертай Жанысұлы Талдықорған облыстық сотының төрағасы Сергей Дмитриенко жайында да көп жылы сөз айтып еді. Жетісу өңірінде аңызға айналған деуге болатындай бұл азамат қашанда шындық пен адалдық жағынан табылып, қай іске болсын объективтілік, принципшілдік тұрғысынан қарайтын-дығымен ерекшеленетін. Өз судьялары мен мамандарына қамқорлық танытып қана қоймай, келушілердің де талап-тілектеріне мұқият назар аударатын еді. Ұлы Отан соғысының ардагері сот кадрларын тәрбиелеуге көп күш жұмсады. Жанысов нақ сол жылдары Алакөл аудандық сотының төрағасы қызметін атқарған болатын. Аталған лауазымда ол жиырма жылға жуық жұмыс істеді.

Оның ерен істерін «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл», «Тын жерлерді игергені үшін», «Сот жүйесінің ардагері», тағы басқа да мерейтойлық медальдар айғақтайды. Халық депутаты Талдықорған қалалық, Алакөл аудандық Кеңестерінің депутаты болып сайланып, «КСРО прокуратурасына 50 жыл» төсбелгісімен, Қазақ КСР Әділет министрі Бөгейдар Жүсіповтің, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. «Алакөл ауданының Құрметті азаматы» атанғаны да айрықша мәртебе.

Өзінің жарты ғасыр бойына жалғасқан үздіксіз еңбек өтілінде ол статистика маманы да болды, мұғалімдік жұмыс та істеді. Партия, кеңес органдарында белсенділігімен танылып, екі үлкен аудан мен Талдықорған қаласының прокуроры лауазымында қызмет атқарды. Қандай лауазымда жұмыс істесе де соңына өшпейтіндей ізгілікті із қалдырды. Ең бастысы да осы емес пе?

Қабдрахман НАУРЫЗБАЕВ
Талдықорған қаласы

● КӨЗҚАРАС

Әйтсе де бұл жерде мұрагер өзіне қалдырылып отырған мұраның алғаусыз сыйлық қана еместігін, оның бір мезгілде үлкен жауапкершілікке жүктейтінін ұмытпағаны жөн. Олай дейтініміз, мұрагерге бүкіл дүниемен, қаржы активтерімен қатар мұра қалдырушының бүкіл қарызы да тиесілі болады. Сондықтан да мұрагерге мұраны қабылдау немесе қабылдамау жөнінде маңызды шешім қабылдауға тура келеді.

Ондай шешім қабылдағаннан кейін де барлық мәселе өздігінен шешіле салмайды. Басқа сөзбен айтқанда, жақын адамының, туысының өмірден өтуі оның барлық құқықтары мен мүлкінің мұрагерге автоматты түрде өтетінін білдірмейді. Өмірдің барлық кезеңіндегідей бұл жерде де құқықтық сауаттылық қажет болады.

Әдетте мұраны қабылдау мұра ашылған күннен бастап 6 айдың ішінде нотариуске арыз беру арқылы атқарылады. Дегенмен, күнделікті тіршілік барысында бұл мерзімнің қатан сақтала бермейтінін де айтып өтуге тиіспіз. Оған көп ретте әдеттегі жайбасарлығымыз немесе қарапайым құқықтық сауатсыздығымыз, т.б. жайттар себеп болып жатады. Тіпті осы мерзім ішінде жақын адамдарымыздың қайтыс болғанын білмей, естімей қалатын жайттар да кездеседі. Әлдебір себептермен, мәселен, шалғай ауылда тұратындығы себепті нотариуске кезінде келе алмай қалатын жағдайлар да орын алады. Мұның айяғы, яғни нотариуске өтініш жасаудың 6 айлық мерзімін өткізіп алудың салдары көп ретте нотариалдық әрекетті жасаудан бас тарту туралы қаулы шығарылып, бұдан арғы кезеңде сот шығараланына әкелуі әбден мүмкін.

Бұл жерде «мүмкін» деген сөзді жайдан-жай жазып отырған жоқпыз. Өйткені, 6 айлық мерзімді өткізіп алған күннің өзінде мұрагердің өзіне тиесілі мүлікке ие болу мүмкіндігі бар. Ондай мүмкіндік «Мұраны іс жүзінде қабылдау» деп аталады.

СОТ НОТАРИУСКЕ сенбей ме?

■ Мұрагерлік жайында сөз болғанда түрлі жылжымайтын мүлік пен автомобиль, депозиттегі ақша, т.б. дүниелер көз алдымызға келе қалады емес пе? Бір қарағанда Жаратқанның қалауымен, ғайыптың күшімен күтпеген байлық әп сәтте үйіліп-төгіліп келе салатын сияқты көрінеді.

Мұра іс жүзінде қалай қабылданады? Егер мұрагер жақын туысынан қалған дүниеге өз мүлкіндей қарап қамқорлық танытса, қожалық етсе, мәселен, коммуналдық төлемдерін төлеп, бүлінбей сақталуын қамтамасыз етсе, сол үйде тұрып жатса, сол үйдің бау-бақшасын өсірумен айналысса, оның мұраны іс жүзінде қабылдағаны саналады. Мұрагердің осындай төлемдерді атқарғанын дәлелдейтін төлем түбіртектері, т.б., дүниеге қожалық етуінің нақты дәлелдеріне жатады.

Тірлігінде адамдар бір-біріне қарыз беріп, қарыз алып жатады. Мұра қалдырушы солайша біреуге берген қарызын алып үлгермей қайтыс болып кетсе, борышкер адам алған қарызын оның әйеліне немесе бала-шағасына, басқа да жақындарына әкеліп берсе, ол да мұраны іс жүзінде қабылдау болып саналады.

Бұрындары адамдар бір үйде тіркеуде тұрған болса, ол мұраны іс жүзінде қабылдағанға жатқызылатын. Содан кейінгі кезеңде мұрагер болғысы келетін адамның сол үйде тіркеуде тұрғанымен іс жүзінде басқа үйде тіршілік етуі мүмкін ғой деген де уәж айтыла бастады. Демек, нақты тіркеуде тұру мен нақты бір үйде тіршілік ету екі бөлек мәселе.

Осындай екіжақты түсінік тудыратын мәселелер көбірек туындайтындықтан нотариустер мұраны іс жүзінде қабылдау мәселесіне аса сақтықпен қарап, нақты қорытынды шығаруға асыға бермейді.

Нотариуске өтініш жасаудың 6 айлық мерзімін өткізіп алған,

бір мезгілде мұраны іс жүзінде қабылдап алғанын дәлелдей алмаған мұрагер құнды дүниені қабылдау мерзімін сот арқылы ғана ұзартта алады.

Осылайша мұраны қабылдаудың екі түрі — мұраны нотариуске арыз жазу, өтініш жасау арқылы қабылдау және іс жүзінде қабылдау түрлерінің бар екенін көреміз. Бірінші жағдайда мұрагер өзінің мұраны қабылдағысы келетінін жазбаша түрде білдіреді. Екінші жағдайда, жоғарыда айтып өткеніміздей, мұра іс жүзінде қабылданады.

Тағы бір айта кететін жайт — Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» №5 Нормативтік қаулысы бойынша «...Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері мұраның ашылу орны болып табылады», яғни мұра қалдырушының соңғы тұрған жері оның тұрақты тұрған жеріне сәйкес келеді. Соған орай мұра қалдырушының соңғы тұрған жері белгісіз болса немесе ол жер Қазақстан Республикасы аумағынан тыс аймақта болса, мұраның ашылу орны деп мұрагерлік мүлктің орналасқан орны танылады.

Айрықша бөліп айта кететін мәселе — нотариуске өтінішпен шығу мерзімі мен мұраны іс жүзінде қабылдау мерзімін өткізіп алғандар сотқа шағымданғанда олардан нотариустің мұра алу құқығы туралы куәлікті беруден бас тарту жөніндегі қаулысы міндетті түрде талап етіледі. Ондай қаулы берілгеннен кейін де сот нотариусті арнайы шақырып,

қаулыны не үшін шығарғанын сұрап, мазасын, уақытын алады.

Бұл жердегі ренішіміздің туындау себебі — нотариус белгілі бір құжатқа куәлік еткен соң ол құжат қолданыстағы заңдылықтың көрінісі болып табылуы тиіс емес пе? Соған қарамастан оны сотқа шақырып: «Неге өйтіп жаздың? Мынау дұрыс па? Анау дұрыс па? Қандай дәлелдерге сүйендің?», — деп заңды күші бар құжатты қайта тексеруден өткізеді. Мұны дұрыс тәжірибе емес деп есептеймін.

Соттың 15-20 минутта біте қоймайтыны тағы белгілі. Оған ең аз дегенде жарты күн, кейде бірнеше күн кетеді. «Сен сотқа жүр екенсің, мен жарты күн, бір күн күте тұрайын» деп тұтынушы, келуші қарап отырмайды ғой...

Өз кезегінде егер сот нотариустерге шынымен сенбейтін болса, одан куәлікті беруден бас тарту жайындағы қаулыны не үшін сұратады, тікелей қарай бермей оны неге сотқа шақыртылды деген сұрақтар да туындамай қоймайды...

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, соттардың «Алдымен нотариуске барып кел, бас тарту жөніндегі қаулыны алып кел, сосын бір-ақ қараймыз» деп талап етуі дұрыс емес. Шындығына келгенде, қолданыстағы заңдылық бойынша әр азамат ешқандай дәлел, дәйектемесіз-ақ сотқа жүгінуге құқылы.

Нотариус мұраны қабылдау жөніндегі куәлікті беруден бас тартса, демек азаматтың нақ сол сәтте мұраны қабылдау құқығының болмағаны. Оның арыз, өтініш беру мерзімін қалай өткізіп алғаны маңызды емес. Соған орай мұрагер даулы мәселенің бәрін сот арқылы шешіп алғаннан кейін ғана нотариуске жүгінугі тиіс.

Осынау өзекті мәселе тиісті орындар мен жауапты басшылардың назарына ілігер деген үміттеміз.

Гүлнар НЕТАЛПЕВА,
нотариус
Текелі қаласы

Жетісу облысы әкімінің БАҚ өкілдері арасындағы «Құлагер» байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Жетісу облысы әкімінің БАҚ өкілдері арасындағы «Құлагер» байқауы — облыстығы бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі — БАҚ) өкілдерінің арасында өтетін дәстүрлі байқау. Байқауды ұйымдастырушы — Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы (бұдан әрі — ҚДБ).

1.2. «Құлагер» байқауы Жетісу облысының дамуын ақпараттық қолдауға бағытталған облыстық ауқымдағы іс-шара.

1.3. Байқауға Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өзекті мәселелерін жазатын, көрсететін аймақтық газеттердің, телерадиокомпаниялардың редакциялары, шығармашылық бірлестіктер мен ақпараттық агенттіктер, штаттағы немесе штаттан тыс авторлар қатысады.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Жетісу облысы әкімінің БАҚ өкілдері арасындағы «Құлагер» байқауы халықты облыс аумағында атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар ету мақсатында өтеді.

2.2. Байқаудың негізгі мақсаттары:

— Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын көрсету;

— Аймақтың тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін паш ету;

— Сапалы бұқаралық ақпарат құралдарын насихаттау және дамыту;

— New-media-ның (блогінг, мобильді журналистика) прогрессивті түрлерін дәріптеу;

2.3 Байқаудың негізгі міндеттері:

— Облыстың тәуелсіздік жылдарындағы ақпараттық - имидждік жетістіктерін жария ету;

— Баспа және электронды БАҚ өкілдерінің кәсіби дамуын, шығармашылықта өзіне-өзі дамытуын моральдық және материалдық тұрғыда ынталандыру;

— Облыстағы журналистика қоғамдастығында жаңа перспективалы есімдерді анықтау.

— Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдаулары, тапсырмаларының орындалуын және Ұлттық құрылтайда көтерген мәселелерін кеңінен насихаттау;

— Тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің мерейлі жылдарын зерттеп, келешек ұрпаққа өмірі мен өнегесін насихаттау;

3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Жетісу облысы әкімінің БАҚ өкілдері арасындағы «Құлагер» байқауына қатысушылар:

— Өңірлік БАҚ, Республикалық БАҚ (облыстағы) меншікті қызметкерлері;

— Жеке ізденушілер — аймақтық және орталық БАҚ-та, облыстық, қалалық, аудандық мерзімді басшылар мен телерадиокомпанияларда жұмыс істейтін журналистер (штаттағы және штаттан тыс қызметкерлер);

— Жазылушы аудиториясы болатын өңірде жұмыс істейтін блогерлер, қоғамдастық әкімшіліктері;

3.2. Байқауды өткізу барысында қатысушылар презентация, қайырымдылық іс-шаралар мен баспасөз конференцияларына тартылуы мүмкін;

3.3. Номинант ұсынылған материалдардың заңды құқықтарына толық жауапты. Номинант туралы ақпарат өтінімді толтыру кезінде қолданылған орфография мен пунктуацияны сақтай отырып жарияланады;

3.4. Байқауға соңғы 3 жылда жеңімпаз атанған БАҚ өкілдері қатыспайды.

4. КОНКУРС АТАЛЫМДАРЫ

4.1. Байқау келесі аталымдар бойынша өткізіледі:

1. «Үздік мақала» (ақпараттық мақала, очерк, эссе, сараптамалық шолу, репортаж, сұхбат);

2. «Үздік телесюжет» (жаңалық сюжет, телеочерк, сараптамалық шолу, арнайы репортаж, сұхбат, деректі фильм, журналист жұмысын бағалау, мәтінге, тақырыпқа, маңызына назар аударылады);

3. «Үздік оператор» (бейнематериал);

4. «Үздік бейнеидзайн» (облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда, республикалық және жергілікті бағдарламаларды іске асырудағы, патриоттық тәрбиедегі маңызы бар және басқа да әлеуметтік мағынадағы роликтер, подкасттар, бейнежарияланымдарды графикамен әрлеу);

5. «Үздік баспаидзайн» (газет бетіне шататын мақалаларды және әлеуметтік желіге таратылатын хабарлама, ақпаратты әзірлеуге пайдаланатын постер, коллаж, инфографика, баннер және т.б. графикалық жұмыстар. Сонымен қатар, газет, сайт, әлеуметтік желіде жарияланымдарды ерекше дизайнмен көркемдеу);

6. «Әлеуметтік желідегі өзекті мәселе» (әлеуметтік желіде өткір әрі маңызды тақырыптар көтеру, проблемалардың оң шешілуіне ықпалдау және қаралым саны 5 мыңнан астам жинаған посттар мен жарияланымдар).

АРНАЙЫ НОМИНАЦИЯЛАР

7. «Ардагер журналист» (осы салада ұзақ жыл еңбек еткен, өңірлік БАҚ-ты дамытуға атсалысқан);

8. «Бейсен Құранбек атындағы кәсіби шеберлігі үшін» (көтерілген мәселенің шешімі табылған материал);

5. КОНКУРС МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:

5.1. Байқау бір кезеңде өткізіледі.

5.2. Үміткерлер тек бір номинацияға ғана қатыса алады. Тіркілген баспасөз және электрондық БАҚ-та 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2024 жылғы 1 маусым аралығында әңгіре шыққан, жарияланған бір материал ұсынылуы тиіс.

5.3. Берілген материалдардың біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін ұйымдастырушылар әділқазылар алқасын құрып, бекітеді. Қазылар алқасы тиісті біліктілік талаптарына сәйкес материалдарды сарапта-

малық бағалау әдісімен саралайды. Қазылар алқасына байқауға қатысқан материалдардың авторы көрсетілмейді.

5.4. БАҚ материалдарын бағалау өлшемдері (1-ден 5 балға дейін):

— Ұсынылған номинацияға сәйкестігі;

— Мәселенің әлеуметтік маңызын азаматтық тұрғыдан көрсету шеберлігі;

— Материалды ұсынудағы жаңалық және ерекшелік, кәсібилік пен публицистикалық шеберлік;

— Жарияланым сапасы (тұжырымдар, цифрлар, фактілер);

— Фотосуреттердегі арнайы эффектілер 30%-дан аспауы керек, авторлық құқық бұзылмауы қажет.

БЕЙНЕМАТЕРИАЛҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР:

— Файл көлемі: 25 Гб дейін;

— Формат: mp4;

— Видеокод: H264 (MainConcept);

— Bitrate: 3 600-ден 10 000 kbps-ге дейін;

— Разрешение: 1280x720 немесе 1920 x 1080;

— Framerate: 25fps;

— Keyframe: әрқайсысы 25;

Қажет болған жағдайда қазылар алқасының мүшелері әр номинацияға қосымша талаптар қоюы мүмкін.

6. БАЙҚАУДЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ

6.1. Өтінімдер осы Ереже жарияланған күннен бастап 2024 жылғы 16 маусымға дейін қабылданады. Конкурсқа 2023 жылдың 1 маусымынан 2024 жылғы 1 маусым аралығында интернетті қоса алғанда, тіркелген газеттерде, тағы басқа да БАҚ-та, телеэфирлерде, блогтарда жарияланған материалдарды ұсынуға болады.

6.2. Байқаудың қазылар алқасы берілген материалдарды бағалайды және ең үздік жұмыстарды ірікттейді, солардың ішінен жеңімпазды анықтайды. Материалдардың авторы қазылар алқасы үшін жасырын болады.

7. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

7.1. Байқауды үйлестіру ұйымдастыру комитетіне жүктеледі.

7.2. Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізу кезінде деректер базасын әзірлеп, оның ішіне, байқауға қатысушылардың жіберген жұмыстарын, байқауға қатысушылардың тізімін, байқау жеңімпаздарының тізімін енгізеді.

7.3. Ұйымдастыру комитеті жұмыс барысында осы Ережені басшылыққа алады.

8. КОНКУРСТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

8.1. Конкурсдық жұмыстарды бағалау үшін ұйымдастыру комитеті әр номинация бойынша қазылар алқасын құрады.

8.2. Қазылар ал